

ОӘЖ 792

ӘЛЕМ ТЕАТРЫ МЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

*Мақұлбек Инабат, Нуркасымова Альбина, Толқын Анель,
Сәкен Баянсұлу, Қалдыбай Береке, Құттыбаева Құндызай
Қалибек Талишын, Айтбай Ұлжалғас*

*3-курс студенттері, «6В11102-Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру
бағдарламасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, өнер магистрі Ж.А.Дүйсенбай

*Бұл мақалада Қазақ театрын жаза отырып ұлттық құндылықты
дәріптеудегі рөлі мен маңызы баяндалады. Театр ұғымы толықтай
қамтылады.*

Кілт сөздер: Әлем театры, қазақ театры, режиссура, драматургия

У.Шекспирдің «бүкіл әлем - театр, ал ондағы адамдар - актёр»,- демекші мына тұрған барлығымыздың өмірдегі рөліміз бар [1]. Себебі, театрда бүкіл елдің мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі мен тарихы, рухани дүниетанымы қарастырылады. Өнердің әртүрлі түрі бар, алайда театр өнері мен театр мәдениетінің орны бөлек. Басқа өнердің түрлері сияқты театр өнері де адами дүниетанымның жемісі мен қоғамдық ой-сананың шарықтау шегі.

Қазақтың театр өнері ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізге негізделген. Мәдениет ошағына айналған бұл мекемеде әр спектакль сайын көрерменнің жүрегіне жететін мәселер қарастырылады. Заманауи жетістіктердің желісінде, жас ұрпаққа тәрбие беруде театрдың алар орны ерекше. Қазіргі кезде театр өнері арқылы білім алушыларға рухани тұрғыдан дамытуда театр өнері бастапқы орында.

Театр ұғымына тоқталатын болсақ, театр - сахналық өнер. Оның орындалуы актёрлік шеберлікпен драмалық көріністерді бейнелейтін орын. «Театр» сөзі екі мағынаға ие. Біріншісі: қиялға сүйене отырып жасалған әсерлі өнер түрі; екіншісі драмалық шығармалардың жиынтығы. Өмірде көзге ілмей жүрген күнделікті нәрселерді театрға бару арқылы көре аламыз. Театрға барған адам бірі болмаса да екіншісі спектакльден өзін көре алуы әбден мүмкін. Мемлекетіміздің алдағы дамыған елдердің қатарына қосылуына бірден-бір бастайтын жол ол мәдениет екені анық. Сонымен бірге театрдағы қойылатын спектакль мен драманың ерекше әрі бірден көзге түсетін тұсы – шынайылық.

Бұл дегеніміз театрдың өнердегі орны биік екендігін ұғынуымызға жол ашады. Театрдың мақсаты - көрерменнің ішкі дүниесіне кіре отырып, толқынысы мен сезіміне әсер ету.

Театрды жеке бір өнер ретінде алатын болсақ, ондағы шығармалардың басқа өнер түрлерінде жоқ қасиеттеріне ие болу арқылы ерекшеленетінін көре аламыз. Мысал ретінде алатын болсақ, психология драматургия негіздерінде қалыптасатыны секілді басқа да физиология және сахна техникасында өзіндік негізделетін тұстары бар. Ал театр осының барлығын қамти отырып бірге дамиды. Осыдан кейін тетарлық қойылымдардың деңгейінің өсуін көре аламыз. Театрды ерекшелейтін тағы бір бағыты – оның ұжымдық шығармашылық тобы. Режиссёр, актёрлер, драматургтер ғана емес көрерменге де тікелей әсер ететін бұл өнер түрі театрдың көрерменсіз мүмкін емес екендігіне әкеледі.

Театртану-сахналық өнердің театрдың теориясы мен тарихын зерттейтін ғылым [2]. Жаңа Зеландияда қалыптасқан бұл Кристофер Балмның еңбегі қазірде осы саланы университеттер мен түрлі оқу орындарында жеке пән ретінде оқытуға арналады. Жалпы театртану пәні тек режиссерлік өнер мен актёрлік шеберлікті ғана емес театр архитектурасы мен декорациясына да көңіл бөледі. Бұл дегеніміз театр ісін ұйымдастыруда үлкен жауапкершілікті қамтиды. Театр өнерінде актёрлердің алатын орны ерекше. Себебі, берілген рөлін түрлі образбен, эмоциямен алып шығу олда бір үлкен өнер. Көрерменге түпкі ойды жеткізу тікелей актёрге байланысты. Осыған орай К.С.Станиславскийдің - «Полный курс актёрского мастерства» атты баспасына тоқталып өтсек. Бұл кітапта актёрлік шеберліктің практикасы мен тәжірибесі жазылған. Станиславскийге сүйенсек актёрдің рөлі адам басынан өткен сезімдеріне негізделеді. Театрда жасандылық жоқ демекші әр актёр өз рөлін ойнау барысында образға кіріп, шынайы ойнап шығады. Актёр сахнадағы рөлін сол әлемде өмір сүре отырып орындауы қажет. «Актёрдің өзі сомдап жатқан кейіпкерге айналардағы тылсым күш - ол өзі ойнап тұрған мінезді беріле қабылдауға, сонымен қатар өз мінезінің ерекшелігін сақтауға да тиіс», - деп Джеймс Босуелл айтып кеткендей, актёр сахнаның көркін ашар фишкасы. Актёрге керек басты нәрсе оның дикциясы мен сөйлеу тілінің анық болуы. Әр ойды ұғындырып жүректен-жүрекке жеткізу тікелей актёрдің сөйлеу тіліне байланысты. Ал бұны оқытатын негізгі пәндердің бірі - сахна тілі. Сахна тілінде жалпы не өтіледі? Сахна тілі аты айтып тұрғандай сахнада актёрдің айтқан әрбір сөздің аяғы желінбей толық екпінмен шығуын, жақтың дұрыс жұмыс істеуі мен дұрыс дем алуы да үйретіледі. Және бұл тек актёрға ғана емес, ұстаздар мен дикторларға тіпті журналисттерге де тікелей қажет. Осыдан - ақ театр үшін актёрдің, ал актёр үшін сахна тілінің маңызды екенін түсінеміз.

Театрдың даму тарихын зерттеу – бұл бөлек бір әлемді зерттенмен дәлмедәл. Себебі, театрдың даму тарихы туралы кітаптардың саны аз. Көбінде театр туралы нақты ақпарат жазылса, оның даму тарихына аса бір мән беріліп

жазылмаған. Театр өз бастауын «Ежелгі Грекияда» IV ғасырда пайда болған [5]. Оған дәлел ретінде 497 жылдарға тиесілі театр туралы жазба еді. Жазбаға бойынша, алғаш рет театр Гректің Дионис құдайына арналған діни мерекелік іс-шарадан бастау алған. Адамдар бұл мерекені өткізу үшін ағаштан сахна жасаған, қойылым қоюшы адамдар беттеріне бетперде тағып халық алдында өнер көрсеткен. Одан бөлек әншілер мен күйшілерде өз өнерлерін көрсеткен. Осылайша V ғ. Афина қаласында ағаштан жасалған «Дионис театры» ашылды. Ол Акропольдің оңтүстік – шығыс беткейінде орналасқан ең көне театрлардың бірі болып табылады. Уақыт өте келе театрда жылына екі рет түрлі қойылымдар, түрлі жарыстар өткізілетін болды. Қатысушылар трагедия мен сатира драмасын сахналап, актерлер мифологиялық оқиғаларды сахналайды. Трагедиялардың көбі - мифологиялық және қазіргі заманғы тақырыптарда жазылған. Белгілі трагедия жазушылардың бірі болған Ликофрон Касандрия қаласының қоршау кезіндегі азап шегу трагедиясымен, одан бөлек «Менедем» сатиралық драмасымен танымал болды [3,361 б]. Көрермен саны артқандықтан 325-326 жылдары театр қайта құрылды. Ағаш сахна мен орындықтар мәрмәрға ауыстырылған. Орындықтар 67 қатардан тұрды. Қазірде театр 17 мыңға жуық көрермендерді қамти алады.

Ежелгі Рим театры арқылы Грек театры өзінің ерекшелігіне қарай өзінің дамуының жаңа жолын тапты. Рим театрының шығуы – өнім жинап алумен тығыз байланысты болды. Әр жыл сайын өнім жинар кезде түрлі ойын-сауықтар мен мерекелік іс шаралар ұйымдастырылып отыратын болған. Бұл шараның арты ән мен биге ұласып тұрмыстық комедиялар көбейе бастады. Осылайша б.з.д. 300 жылдары ұлттық «Аттелана» комедиясы дүниеге келді. Аттеланың басты фишкасы ретінде бетперде киген төрт тұрақты актерлар болды. Олар: Макк, Доссен, Папп және Буккон болды. Әр түрлі көңіл күйді көрсететін бетперделерді киіп, өздерінің импровизациялары арқылы халықтың жүрегінен орын алды.«Рим театрын» зерттеу барысындағы ең қызықты мәліметтердің бірі б.з.д. 3 кезең. Бұл кезең Рим театры тарихындағы жаңа кезеңі. Алайда бұл кезеңді алғаш рет драма қойған грек азаматы Ливий Андроник есімімен аталды. Себебі, б.з.д. 240жылы болған бірінші Пуникалық соғыстың жеңіспен аяқталуының құрметіне драмалық театр құру ұйғарылған болатын. Бұл жауапкершілікті б.з.д. 272жылы әскери тұтқын болып келген Римге келген грек азаматы Ливий Андроникке табысталды. Тарихта ол тұтқын ретінде емес Рим театрының негізін қалаушылардың бірі ретінде қалды. Ливийдің өз репертуарында нашар жазылған 14 трагедиясы мен 3 комедиясы бар. Рим театры мен Грек театрының ұқсас жерлері трагедиялық спектакльдер өлеңмен жазылады. Спектакльдер көбіне мемлекеттік мейрамдарда, шерулерде, қаза жоралғыларында, жоғарғы қызметке сайлану кезінде көрсетіліп отырылды. Көрініс қоятын нақты жер болмағандықтан қойылымдар ғибадатқана жанында көрсетілді. Кейіннен қойылымдар үшін ағаштан сахна тұрғызылды. Бұл кездері

трагедиялық көріністер сарай алдында қойылса, комедияға арналған декорацияларда бір-екі үйі бар көше бейнеленген. Бұл кезеңдегі ең ірі театр ретінде – Коллизей театр. Ол орта ғасырдың 75-80 жылдарындағы Римдегі ең ірі театр. Коллизей сөзін латын тілінен аударғанда «алып» деген мағынаны білдіреді. Аумағы 188x156м, ал биіктігі 50м, қабырғасы травертиннен жасалған. Аренаның астында су құбырлары болды. Құбыр арқылы теңіз шайқастары көрсетілетін.

«Алтын ғасыр театры»-1590-1681 жылдарды қамтыды. Испанияның барлық қатысушылары үшін қол жетімді өнер түрі болды, ол ақсүйектер сыныбының қолдауымен және төменгі топтардың қатысуымен болды. Ол Фердинанд II Арагон және Изабелла I Кастилияның екі еуропалық держава ретінде неке арқылы біріккеннен кейін пайда болды. Алтын ғасырдағы испан пьесаларының көлемі басқа кезеңдерден үш, төрт есе көп, сонымен қатар жанры жағынан жан жақты болды. Мұнда, зайырлы және діни драмаларды, тікелей пьесаларды, опералар және қарапайым комедияларды, сот көріністерін, эпикалық трагедияны да қамтыды. Діни драмаларды Мадридте және басқа қалалардың айналасындағы шерулерде, екі қабатты вагондарда орындалды. Кәсіби қоғамдық театр 1570 жылдары Испанияның ірі қалаларында құрылды. 1579 жылы салынған «Corral de la Cruz» Мадридтің алғашқы тұрақты театры болды. «Corrales» комедиялық театры бастапқыда ауруханаларға қолдау көрсету және кедейлерге көмек көрсету үшін қайырымдылық ұйымдарынан лицензия алған болатын.

«XX ғасырдағы театр» – сол ғасырдың басындағы өмір қайшылықтарын, халықтың талап-тілектерін, қалауларын жан жақты аша отырып, шынайы бейнелеуге ұмтылды. Бұл кезеңдегі театрлардың көбі «Бостандық театры» деп аталды. Олардың басты мақсаты реализмнің жаңа қырларын табу жолындағы күрес болды. Қойылымдағы актерлер - көңіл-күй, ырғақ пен үзіліс, сөз астары мен суретші еңбегі өзара тоғысып, түп-түгел сахналық бейне жасауға бағытталды. 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында азаттық қозғалысының өрлеуімен байланысты Ресейде де театр өнері бойынша жаңа ізденістер жүргізілді. Әсіресе, режиссер К.С.Станиславский мен В.И.Немирович-Данченконың спектакль қоюдағы тың ізденістері өте жемісті болды. Олар 1898 жылы «Мәскеу көркем театрының» негізін қалады. Кейіннен сахнадағы актерлер мен актрисаларды дайындайтын «Полный курс актерского мастерства» атты кітап шығарды. 1916 жылдарға қарай Мәскеудегі театрлар саны 200-ге жетті. Театрдың негізгі жанры ретінде негізінен фарс, комедия, вадевиль, тіпті мелодрама шығарды. Кейін Бірінші дүниежүзілік соғыс және Ресей революциясы, көптеген театр әртістері Ресейден басқа Станиславский жүйесін экспорттап, соғыстан кейінгі әлемде «режиссерлік театрдың» дамуына үлес қосты.

«Ортағасырлық театр» - V ғасырдағы Батыс Рим империясының құлдырауы кезінде бастау алды. Оны Ренессанс деп те атайды. Көбіне реалистік-демократиялық ағымдағы халық өнерінің діни идеологиясына қарсы күрес үстінде өтті. Бұл дәуірдің «ренессанс» аталуының өзіндік бір тарихы бар. Ренессанс - ол итал. тілі – «қайта» және *nasci* – «туылу» деген мағынаны білдіреді. Бұл кезеңнің театрын «халық театры» деп атады. Халық театры қала мен ауыл бұқарасының әуесқойлар шығармашылық түрінде өмірге келді. XI ғасырдан бастап қалалар мен бірге өнер саласы да дами бастады. Оған мысал ретінде кезбе актерлер: жонглерлер, гистриондар мен скоморохтар пайда болды. Ортағасырдағы театрдың ең ірі жанрларының бірі болып мистериаль мен мистерия сауықтары саналды. Бұл жанрда діни қарсылықтар, тұрмыстық мәселелер де бой көрсетті. X ғасырда Гандершеймнің ортағасырлық драматургиясы көбіне өзінің тақырыптары, қойылымдары мен дәстүрлері бойынша діни және адамгершілікке негізделген.

Қазақ тарихында «театр» ұғымы болмаса, қазақ өнерінің белгілі бір деңгейде даму жолы қиынға түсуші еді», - деп Тоғжан Меңғали айтқандай біздің елімізде де театр саласы қарқынды дамыды. Елімізде алғашқы театр Қазақ АКСР астанасы, Қызыл-Орда қаласында 1925 жылы ашылды. 1926 жылы 13 қаңтарда М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен алғаш рет көрсетілді. Бұл спектакль қазақ әдебиетінің классикасы. Оның таңдалуының өзі кездейсоқ емес. Алғаш рет бұл пьеса 1917 жылы А.Құнанбаевтың немересінің ұзату тойында қойған. М.Әуезовтің өзі режиссерлік еткен. Спектакльдегі басты рөлдерді А.Құнанбайұлының немерелері мен пьеса авторының жақын туыстары сомдады. Жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылған пьеса қазіргі таңда да сұранысқа ие қойылымдардың бірі. 1929 жылы астана Алматыға көшірілуіне байланысты театр да қоныс аударды. 1937 жылдан бастап академиялық театр атағын алды, ал 1961 жылдан бастап - Мұхтар Әуезовтің есімі берілді. 2022 жылғы санақ бойынша, Қазақстанда 65 театр жұмыс істейді. Оның ішінде 52-сі – мемлекеттік. Төрт ұлттық театр бар, олар: ұйғыр, корей, неміс және өзбек театрлары. Қазақстанда үш опера және балет театры, бес жастар мен жасөспірімдер театры, жеті қуыршақ театры, 24 драма театры, 11 музыкалық-драма театры, бір музыкалық комедия, бір жастар театры және бір сатира театры бар.

Қазақстандағы ең ескі театрларының бірі – Орал орыс драма театры. Ол 1858 жылы ашылды. 2002 жылы ғимарат қайта қалпына келтірілді, ал 2009 жылы театрдың 150 жылдық мерейтойының құрметіне оның қабырғасында театрдың тарихына арналған музей ашылды.

Ең алғашқы ұлттық театрлардың бірі - Мемлекеттік республикалық академиялық корей музыкалық комедия театры. Театр 1937 жылдары Қиыр шығыстар корейліктер Орта Азияға депортациялануымен пайда болған. Олар «Корей музыкалық комедия театрының» негізін қалады. Театр ұзақ уақыт бойы

ел ішін аралағандықтан - 1959 жылы «Колхоз-совхоз гастрольдік корей театры» атауын берді.

Тұңғыш қуыршақ театры – Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры. Ол 1935 жылы бірден екі труппа: қазақ және орыс труппасы болып құрылды. 1938 жылы республикалық мәртебеге ие болды. Театрдың алғашқы қуыршақ қойылымдары «Алдар-Көсе» мен «Өтеген батыр» болды.

Ең үлкен театр ретінде – Astana Opera мемлекеттік опера және балет театры саналады. Ол 2013 жылы ашылды. Театр тоғыз гектар жерде орналасқан. Ғимараттың аумағы – 64 мың шаршы метрге тең. Сахна алаңы 3000 шаршы метрге жуық. Театрдың басты залы 1250 орынға есептелген. Театрдың камералық залына 250 адам сыяды.

Еліміздегі ең ғажайып театрлардың бірі – Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры. Қазақстандық театрдың бір ерекшелігі ретінде бірінші күннен бастап-ақ қос тілде өнер көрсете бастады.

Осылайша XIX-XX ғасырлар арасында театр көптеген жетістіктерге жетті. Жыл сайын талантты әртістер мен режиссерлер саны артты. Әлем бойынша «Театр – мәдениеттің ортасы» ретінде саналып 1961 жылы наурыз айының 27і «Дүниежүзілік театр күні» болып белгіленді. Дәстүр бойынша бұл күн «Театр – халықтар арасындағы өзара түсіністік пен татулықты нығайту құралы» деген өзіндік ұранмен өткізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Башар Айымгүл. Театрдың шығу тарихы. e-history.kz.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ж.
3. История Древней Греции / гл. ред. Кузищин В. И. — М.: Издательство «Высшая школа», 2001. — 376 с.
4. Меңғали Тоғжан. Massaget.kz- «Театр мәдениет ордасы».

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ ТЕАТРА МИРА И КАЗАХСКОГО ТЕАТРА

*Мақұлбек Инабат, Нуркасымова Альбина, Толқын Анель,
Сәкен Баянсұлу, Қалдыбай Береке, Құттыбаева Құндызай
Қалибек Талшын, Айтбай Ұлжалғас*

В настоящей статье рассмотрены роль и значение Казахского театра в популяризации национальной ценности. Полностью охватывается понятие театра.

STAGES OF DEVELOPMENT OF WORLD THEATER AND KAZAKH THEATER

Makulbek I., Nurkassymova A., Tolkyn A., Saken B., Kaldybai B., Kutybaeva K., Kalibek T., Aitbay U.

In the present article it is told about a role and value of the Kazakh theater in popularization of national value. The concept of theater is fully covered.

REFERENCES

1. Bashar Aymgul. History of the origin of the theater. e-history.kz.[in Kazakh]
2. Kazakh culture. Encyclopedic directory. Almaty “ ” Aruna Ltd. LLP”, 2005. [in Kazakh]
3. History of Ancient Greece / chief ed. Kuzishchin V. I. - M.: Publishing House “Higher School”, 2001. - 376 p. [in Russian]
4. Mengali Togzhan. Massaget.kz - “Theater culture horde”. [in Kazakh]